



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ
БАСЫП ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ

1 нұсқасы:
29.01.2021

**ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ
ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

1 бет

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	2
2	Оқу және ғылыми әдебиет түрлері	4
3	Әдебиетті басып шығару дайындығының тәртібі	6
4	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің мақұлдау белгісін алу тәртібі	9
5	Оқу басылымдарын дайындауға қойылатын талаптар	12
6	Оқулықтар мен оқу құралдарына қойылатын талаптар	14
7	Әдістемелік ұсыныстарға қойылатын талаптар	16
8	Қорытынды ережелер	16
	А қосымшасы	17
	Б қосымшасы	19
	В қосымшасы	20



1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Оқу және ғылыми әдебиетті басып шығару тәртібі туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Университет) атынан шығарылатын оқу және ғылыми әдебиетті басып шығаруды жоспарлауға және одан әрі басып шығару дайындығының тәртібін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығымен бекітілген оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларды сараптамадан, сынақтан өткізу және мониторингін жүргізу, басып шығару бойынша жұмысты ұйымдастыру қағидаларына;
- МЕМСТ 7.60 – 2003. Басылымдар. Негізгі түрлері. Терминдер мен анықтамалар.

1.3 Құжатта қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар 1.1 кестеде келтірілген.

1.1 кесте

Терминдер мен анықтамалар

Термин	Анықтама
1	2
<i>Дәрістер конспектісі</i>	оқу пәнінің бүкіл курсының материалын бейнелейтін ықшам түрдегі оқу-теоретикалық басылым. Жаңа пән, элективті курс немесе оқуға қосымша ретінде шығарылады
<i>Дәрістер курсы</i>	оқу пәнінің мазмұнын толығымен сипаттайтын дәрістер жиынтығын құрайтын оқу-теоретикалық басылым. Бұл түпнұсқалық материалды баяндайтын авторлық жұмыс



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА
УНИВЕРСИТЕТІ


ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ

1 нұсқасы:
29.01.2021

**ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ
ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

3 бет

1	2
<i>Әдістемелік ұсыныстар</i>	қандай да бір тақырыпты оқудың, сабақты, іс-шараны өткізудің тәртібін, қисыны мен назар аударылуын анықтайтын ақпаратты құрайтын қосымша сипаттағы оқу-әдістемелік басылым. Құрамында білім алушының оқу пәнін өздігінше оқуға және білімін тексеруге дайындық әдістемесі бойынша материалдар болуы мүмкін
<i>Монография</i>	бір мәселені немесе тақырыпты жан-жақты зерттеу туралы мәліметтерді құрайтын және бір авторға немесе авторлардың ұжымына тиесілі ғылыми басылым
<i>Практикум</i>	білім беру материалын игеруге және бекітуге көмектесетін тәжірибелік тапсырмалар мен жаттығуларды құрайтын қосымша ғылыми басылым
<i>Репертуарлық жинақ (Ноталар жинағы)</i>	тәжірибелік қызметке көмек үшін немесе оқу пәнін игеруге арналған ғылыми-тәжірибелік басылым. Құрамында белгілі бір мамандықта білім алушылардың деңгейі мен дайындығының мазмұнына сәйкес келетін, арнайы таңдалған туындылар (ноталар) бар
<i>Ғылыми еңбектердің жинағы</i>	ғылыми мекемелердің, оқу орындарының, қоғамдардың, бір немесе бірнеше авторлардың зерттеу материалдарын құрайтын ғылыми басылым
<i>Оқу бағдарламасы</i>	белгілі бір пәннің (оның бөлімінің, бөлігінің) мазмұнын, көлемін, сондай-ақ, оны оқудың тәртібін анықтайтын оқу басылымы
<i>Оқулық</i>	оқу пәнінің (оның бөлімінің) оқу бағдарламасына сәйкес келетін және басылымның осы түрі ретінде ресми бекітілген жүйеленген баяндалуын құрайтын оқу басылымы
<i>Оқу құралы</i>	басылымның осы түрі ретінде ресми бекітілген, оқулықты толықтыратын немесе ішінара (толығымен) алмастыратын оқу басылымы
<i>Оқу-әдістемелік құрал</i>	оқу пәнін (оның бөлімін) оқыту немесе сабақ беру әдістемесі, сондай-ақ, оқыту және тәрбие әдістемесі бойынша материалдарды құрайтын оқу басылымы

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.01.2021
	ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4 бет

1	2
<i>Оқу-әдістемелік кешен (ОӘК)</i>	оқу жоспарына сай нақты пәнді оқыту үшін оқу процесін сапалы ұйымдастыруға қажетті оқыту және бақылау құралдарының, нормативтік және оқу-әдістемелік құжаттардың жүйесі
<i>Электрондық басылым</i>	автоматтандырылған сервистік қызметпен (навигациялық) және мультимедиялық мүмкіндіктермен толықтырылған, оқу пәнінің (бөлімнің) материалын жүйелендіретін мәтіндік-графикалық түрдегі компьютерлік нысанда берілген оқулық немесе оқу құралы

1.4 Университеттің атынан жарияланатын басылымдарға Университеттің Ғылыми кеңесімен және/немесе Оқу-әдістемелік кеңесімен басып шығаруға ұсынылған басылымдар жатады.

1.5 Оқу және ғылыми әдебиетті басып шығаруды жоспарлауды және дайындауды ұйымдастыру бойынша жалпы басшылықты оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор іске асырады.

1.6 Оқу және ғылыми әдебиетті басып шығаруды жоспарлау және дайындау бойынша қызметті үйлестіруді Академиялық мәселелер жөніндегі қызметтің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің оқу-әдістемелік бөлімі іске асырады.

2 ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТ ТҮРЛЕРІ

2.1 Университетте басып шығарылатын әдебиет келесі түрлерге бөлінеді:

- ғылыми басылымдар;
- оқу басылымдары.

2.2 Ғылыми басылымдарға жататындар:

- Монография - бір мәселені немесе тақырыпты жан-жақты зерттеу туралы мәліметтерді құрайтын және бір авторға немесе авторлардың ұжымына тиесілі ғылыми басылым;
- Ғылыми еңбектердің жинағы – Университеттің оқытушысының немесе қызметкерінің, факультеттің/кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының немесе Университет ұжымының ғылыми-зерттеу материалдарын құрайтын ғылыми басылым.

2.3 Оқу басылымдары келесілерге бөлінеді:

- оқу-теоретикалық басылымдар;
- оқу-әдістемелік басылымдар;
- оқу-тәжірибелік басылымдар.



2.3.1 Оқу-теоретикалық басылымдарға жататындар:

- Оқулық – оқу пәнінің (оның бөлімінің) оқу бағдарламасына сәйкес келетін және басылымның осы түрі ретінде ресми бекітілген жүйеленген баяндалуын құрайтын оқу басылымы;
- Оқу құралы - басылымның осы түрі ретінде ресми бекітілген, оқулықты толықтыратын немесе ішінара алмастыратын, оқу бағдарламасына сәйкес келетін, оқу пәні бөлімінің жүйелендірілген баяндалуынан тұратын оқу басылымы;
- Дәрістер конспектісі - оқу пәнінің бүкіл курсының материалын бейнелейтін ықшам түрдегі басылым. Жаңа пән, элективті курс немесе оқуға қосымша ретінде шығарылады;
- Дәрістер курсы – оқу пәнінің мазмұнын толығымен сипаттайтын және түпнұсқалық материалы бар, авторлық дәрістер жиынтығын құрайтын басылым.

2.3.2 Оқу-әдістемелік басылымдарға жататындар:

- Оқу-әдістемелік құрал - оқу пәнін (оның бөлімін) оқыту немесе сабақ беру әдістемесі, сондай-ақ, оқыту және тәрбие әдістемесі бойынша материалдарды құрайтын оқу басылымы;
- Оқу бағдарламасы - белгілі бір пәннің (оның бөлімінің) мазмұнын, көлемін, сондай-ақ, оны оқудың тәртібін анықтайтын оқу басылымы;
- Оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) - оқу жоспарына сай нақты пәнді оқыту үшін оқу процесін сапалы ұйымдастыруға қажетті оқыту және бақылау құралдарының, нормативтік және оқу-әдістемелік құжаттардың жүйесі;
- Әдістемелік ұсыныстар – білім алушының оқу пәнін өздігінше оқуына және білімін тексеруге дайындыққа арналған тәжірибелік құрал. Қандай да бір тақырыпты оқудың, сабақты, іс-шараны өткізудің тәртібін, қисыны мен назар аударылуын анықтайтын ақпаратты құрайды.

2.3.3 Оқу-тәжірибелік басылымдарға жататындар:

- Репертуарлық жинақ (ноталар жинағы, хрестоматия) - тәжірибелік қызметке көмек үшін немесе оқу пәнін игеруге арналған басылым. Құрамында белгілі бір мамандықта және/немесе білім беру бағдарламасында білім алушылардың деңгейі мен дайындығының мазмұнына сәйкес келетін, арнайы таңдалған туындылар (мәтіндер, ноталар) бар;
- Практикум - білім беру материалын игеруге және бекітуге көмектесетін тәжірибелік тапсырмалар мен жаттығуларды құрайтын басылым;
- Көрнекі құрал – көрімделген сипаттағы және курсты, пәнді игеруге көмектесетін көрнекі материалдарды (альбомдар, иллюстрациялар, суреттер, сұлбалар, т.б.) құрайтын басылым;



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ

1 нұсқасы:
29.01.2021

**ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ
ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

6 бет

- Тестілік тапсырмалар – белгілі бір мамандық және/немесе білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың өздігінше дайындығын және оқу пәнін игеру деңгейін бақылауға арналған, тестілер түріндегі сұрақтар мен оларға жауаптарды құрайтын басылым.

2.3.4 Оқу-анықтамалық басылымдарға жататындар:

- Анықтамалық – нақты оқу пәні немесе оның бөлімі бойынша мәліметтерді құрайтын басылым. Мәселенің тарихнамасы, қандай да бір түсініктің құрылымы, тәжірибелік сипаттағы мәліметтер кіруі мүмкін;
- Сөздік-анықтамалық – сөздердің, сөз тіркестерінің, белгілердің және т.б. оларға қатысты анықтамалық деректер келтірілуімен реттелген тізбесінен тұратын анықтамалық материал;
- Сөздік - нақты оқу пәні немесе оның бөлімі, олардың білім саласы және анықтамалары (түсініктемелері) бойынша терминдер мен түсініктерден тұратын басылым.

2.3.5 Оқу-библиографиялық басылым белгілі бір тақырып немесе қызмет бағыты бойынша, сондай-ақ, қандай да бір тұлғалардың қызметі туралы библиографиялық мәліметтер, еңбектерінің тізімі, т.б. көрсетілуімен өмірі мен қызметі туралы библиографиялық мәліметтердің реттелген жиынтығынан тұрады. Білім алушылардың білімін толықтыруға және кеңейтуге арналған.

2.4 Оқу және ғылыми әдебиет электрондық нысанда берілуі мүмкін, яғни, автоматтандырылған сервистік қызметпен (навигациялық) және мультимедиялық мүмкіндіктермен толықтырылған, мәтіндік-графикалық түрдегі ақпарат түрінде.


2.5 Оқу және ғылыми әдебиет электрондық нысанда электрондық тасымалдауыштарда (дискілерде) беріледі. Қажет болса, электрондық басылымға пайдаланушының нұсқаулығы, бағдарламалық қамтамасыз етуге талаптар, т.б. қоса беріледі.

3 ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ТӘРТІБІ

3.1 Университет факультеттерінің жылдық жоспарларының негізінде Университетте жыл сайын оқу және ғылыми әдебиетті (бұдан әрі- Әдебиет) әзірлеудің жылдық жоспары жасалады. Білім алушылардың контингентін ескерумен оқытушылардың жылдық жоспарларына және қажетті Әдебиетпен оқу процесін қамтамасыз етуді талдауға сай факультеттердің жылдық жоспарлары жасалады.

3.2 Бекітілген жоспарды Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері орындауға міндетті.

3.3 Әдебиет қолжазбалары оларды әзірлеудің жылдық жоспарына сәйкес және ілеспе құжаттармен Университеттің Оқу-әдістемелік кеңесінің өткізілуіне

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.01.2021
	ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7 бет

дейін бір ай бұрын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің оқу-әдістемелік бөліміне беріледі.

3.4 Авторлар оқу және ғылыми әдебиетте берілген материалдың мазмұны үшін жауапкершілікті көтереді және оның түпнұсқалығына кепілдік береді.

3.5 Ілеспе құжаттарға жататындар:

- ішкі рецензия;
- сыртқы рецензия;
- кафедра жиналысының хаттамасынан басылымды жариялау туралы ұсыныстар.

3.6 Қолжазбаның Университет кітапханасында берілетін УДК және ББК шифрлары болуы тиіс.

3.7 Ішкі және сыртқы рецензиялардың рецензенттері ретінде ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы, PhD докторы академиялық дәрежесі, бейін бойынша доктор, құрметті атағы немесе мемлекеттік марапаттары бар, кәсіптік тәжірибесі мол, білімнің тиісті саласының мамандары болады.

3.8 Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректормен мақұлдастыру бойынша бөлім берілген материалдың сараптамасын өткізетін ресми сарапшыны тағайындайды.

3.9 Ішкі және сыртқы рецензияларда, сараптамада Әдебиеттің мәніне сәйкес келесілер бейнеленеді:

- қолжазбаның (электрондық басылымның) атауы;
- автордың (авторлардың) аты-жөні, ғылыми дәрежесі мен атағы, жұмыс орны, лауазымы;
- пәннің атауы, игеру үшін осы басылым ұсынылатын мамандықты/білім беру бағдарламасын көрсетумен;
- басылымның құрылымы мен мазмұнын бағалау, басылымның осы түріне қойылатын талаптарға сәйкестігі;
- пәннің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкестігі;
- тиісті бағыт бойынша ғылым мен шығармашылықтың заманауи дамуына сәйкестігі;
- тәжірибелік мәселелерді баяндау дәрежесі, олардың өзектілігі;
- материалдың әдістемелік деңгейі, оның біліктілікке бағдарланған білім беру технологияларына бейімделгендігі;
- оқу басылымының мазмұны мен көрнекілігіне психологиялық-педагогикалық талаптарды қадағалау дәрежесі;
- басылымды жариялаудың және оқу процесінде пайдаланудың мақсатқа сай болуы.

3.10 Рецензиялар мен сараптамаға тұлғалардың аты-жөні, қызмет орны, лауазымы, ғылыми дәрежесі мен атағы көрсетілуімен қол қойылады. Қол қойылуы жұмыс орындарымен расталады.



ҚАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ

1 нұсқасы:
29.01.2021

**ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ
ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

8 бет

3.11 Дайындалған Әдебиеттің қолжазбасына қоса екі рецензия, кафедра жиналысының хаттамасынан көшірме және сараптама Университеттің Оқу-әдістемелік кеңесінің қарастыруына беріледі. Жиналысқа ішкі рецензент пен ресми сарапшы қатысуы қажет.

3.12 Университеттің Оқу-әдістемелік кеңесі берілген материал бойынша қорытынды береді. Әдебиет:

- жариялауға және оқу процесінде пайдалануға ұсынылуы;
- түзетуге жіберілуі;
- қабылданбауы мүмкін.

3.13 Әдебиетті жариялауға және оқу процесінде пайдалануға ұсыну кезінде Университеттің Оқу-әдістемелік кеңесі тиісті қорытындысын (ОӘК жиналысы хаттамасынан көшірме) береді.

3.14 Автор Университеттің Оқу-әдістемелік кеңесінің тиісті қорытындысын және басқа талап етілетін құжаттарды тапсырып, «Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы» РММ (ресми сайты esba.kz) беретін ISBN нөмірін өздігінше алады.

3.15 ҚР Білім және ғылым министрлігінің Республикалық Оқу-әдістемелік кеңесінің мақұлдау белгісін, сондай-ақ, ғылыми атақты алу үшін әзірленген Әдебиет бекітілуі үшін Университеттің Ғылыми кеңесіне берілуі тиіс.

3.16 Әдебиетті қарастыру мақсатында Ғылыми кеңес жиналысының жоспарына енгізу үшін Ғылыми кеңестің хатшысына кеңес өткізілуіне дейін бір ай бұрын келесілерді беру қажет:

- Әдебиеттің қолжазбасы;
- Әдебиетті жариялауға және оқу процесінде пайдалануға ұсыныстар туралы Университеттің Оқу-әдістемелік кеңесінің қорытындысы;
- кафедра жиналысының хаттамасынан көшірме;
- ішкі рецензия;
- сыртқы рецензия;
- ресми сарапшының сараптамасы.

3.17 Жариялауға ұсынылған Әдебиетті басып шығару автордың таңдауы бойынша кез келген баспада іске асырылады. Таралым санын автор анықтайды.

3.18 Әдебиеттің негізгі бетінің сыртқы жағында материалдың қай органның (Ғылыми кеңес, Оқу-әдістемелік кеңес, т.б.) ұсынысы бойынша жарияланып отырғандығы көрсетіледі.

3.19 Әдебиет жарияланғаннан кейін оны білім алушылар оқу процесінде пайдалануы үшін автор Университет кітапханасына басылымның кемінде, 10 данасын беруі тиіс.

3.20 Ұсынылған әдебиетті басып шығаруды қаржыландыру автордың қаражаты есебінен іске асырылады.

3.21 Жариялауға ұсынылған материалдар ректордың рұқсаты бойынша Университеттің редакциялық-баспалық бөлімінде басып шығарылуы мүмкін.



3.22 Университеттің редакциялық-баспалық бөлімі әдебиеттің 13 данасын басып шығарады, бұлар келесідей таратылады:

Университет кітапханасына – 10 дана;

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің оқу-әдістемелік бөліміне – 1 дана;

кафедраға - 1 дана;

авторға – 1 дана.

4 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІНІҢ МАҚҰЛДАУ БЕЛГІСІН АЛУ ТӘРТІБІ

4.1 Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің Оқу-әдістемелік бірлестігінің (РОӘК ОӘБ) мақұлдау белгісі Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім жүйесіндегі білім беру процесінде пайдалану үшін оқу басылымдарына (оның ішінде, электрондық түрлеріне де) беріледі.

4.2 РОӘК ОӘБ мақұлдау белгісі жалпы білім беру, негізгі, бейіндік және элективті пәндер циклдарының пәндері бойынша (бұлардың жоғары оқу орнының оқу жұмыс жоспарында соңғы 3 жыл барысында болуында) оқу басылымдарына беріледі. Монографиялардың қолжазбаларын, жинақтарды, әдістемелік ұсыныстарды, дәрістер курстарын ОӘБ қарастыруға қабылдамайды.

4.3 РОӘК ОӘБ мақұлдау белгісі оқу басылымы мазмұнының пәннің оқу бағдарламасына, оқу әдебиетіне қойылатын заманауи талаптарға сәйкестігін куәландырады және белгінің тұжырымдамасына сай жоғары оқу орындары арасында пайдалануға ұсынылады.

4.4 РОӘК ОӘБ мақұлдау белгісінің берілуі оқу басылымының сараптамасы рәсімі арқылы іске асырылады, оның нәтижесінің негізінде РОӘК ОӘБ Кеңесі сұратылған белгінің берілуі немесе берілмеуі туралы шешім қабылдайды.

4.5 РОӘК ОӘБ берілетін белгісінің келесі бір тұжырымдамасы болады:


4.5.1 ОӘБ шешімінің негізінде (мамандық атауы шифрімен көрсетіледі) мамандығы бойынша білім алатын жоғары оқу орындары студенттеріне «Өнер» мамандығы бойынша оқулық (электрондық оқулық) немесе оқу құралы (электрондық оқу құралы) ретінде рұқсат етілген.

_____ ж. № _____ хаттама.

Оқулықтарға/оқу құралдарына бірінше рет басып шығарылған кезде беріледі.

4.5.2 ОӘБ шешімінің негізінде (мамандық атауы шифрімен көрсетіледі) мамандығы бойынша білім алатын жоғары оқу орындары студенттеріне «Өнер» мамандығы бойынша оқулық (электрондық оқулық) немесе оқу құралы (электрондық оқу құралы) ретінде ұсынылады.

_____ ж. № _____ хаттама.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.01.2021
	ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	10 бет

«Оқулық/оқу құралы ретінде рұқсат етілген» мақұлдау белгісі бар оқулықты/оқу құралын қайта басып шығару кезінде беріледі.

4.6 «Өнер» мамандығы бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі (РОӘК) Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА аясында орналасқан.

4.7 Оқу басылымына РОӘК ОӘБ мақұлдау белгісін алу үшін автор ОӘБ төрағасына, Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА төрағасына келесі материалдарды жібереді:

- университет ректоры қол қойған ілеспе хат;
- оқу басылымының редакторлық түзету енгізілмеген қолжазбасы (қолжазбаның электрондық нұсқасын да беру қажет) немесе электрондық тасымалдағыштағы жұмыс нұсқасы түріндегі электронды басылымның екі данасы, пайдаланушының нұсқаулығы, бағдарламалық қамтамасыз етуге талаптар, т.б. қоса беріледі;
- Рецензиялар;
- Университеттің Ғылыми кеңесі жиналысының ОӘБ белгісін беру ұсыныстары туралы көшірмесі;
- Оқу басылымына сараптама өткізуді және ОӘБ мақұлдау белгісін беруді өткізу бойынша жұмыстарға төлем жасау туралы автордан кепілхат (төлейтін ұйымның банк реквизиттерімен жауапты тұлғаның байланыс деректерін көрсетумен).

4.8 Ілеспе хатта басылым туралы қысқа ақпарат, оның шығыс деректері (қолжазбаның немесе электрондық басылымның атауы, автордың (авторлардың) аты-жөні, жоспарланатын таралымы және шығарылатын жылы, баспа парақтарымен немесе байтпен көлемі), мамандықтың шифры және басылым дайындалып отырған пәннің атауы көрсетілуімен үлгілік оқу бағдарламасының атауы, пайдаланушылардың контингенті беріледі.


Ілеспе хаттың соңғы абзацында келесідей өтініш болуы тиіс: «Сізден ҚР БҒМ немесе «Өнер» мамандығы бойынша ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА аясындағы РОӘК ОӘБ мақұлдау белгісін алу үшін (шифры, атауы) мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келетін ретінде (оқулықтың/оқу құралының авторы және атауы) ұсынылуын өтінеміз.

4.9 Білімнің тиісті саласында ғылыми дәрежесі бар мамандардың оқу басылымының/электрондық басылымның мазмұнына рецензиялары.

Оқу құралы үшін үш рецензия беріледі – біреуі ішкі және екеуі сыртқы, әр түрлі ұйымдардан, екі рецензияға тиісті ғылымның докторлары қол қоюы қажет.

Оқулық үшін төрт рецензия беріледі - біреуі ішкі және үшеуі сыртқы, әр түрлі ұйымдардан, үш рецензияға тиісті ғылымның докторлары қол қоюы қажет.

Рецензияларда оқу басылымы құрылымының және мазмұнының оқу бағдарламасына және ғылым мен техниканың заманауи даму деңгейіне

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.01.2021
	ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	11 бет

сәйкестігі, берілген материалдың жаңалығы және тәжірибелік мәнінің негізінде мақұлдау белгісі берілуінің мақсатқа сай екендігі расталуы тиіс.


4.10 ОӘБ түскен қолжазбалар мен электрондық басылымдар тіркеледі және сараптамадан өтуі үшін ОӘБ басшылығы тағайындайтын және берілген кәсіптік саладағы жетекші маман саналатын бір немесе екі (ОӘБ қарауына сай) сарапшыға жіберіледі. Сарапшылардың пікірлері қарама-қарсы болған жағдайда мақұлдау белгісін беру туралы шешім ОӘБ жиналысында қабылданады. Электрондық оқу басылымдары қосымша түрде ақпараттық технологиялар саласындағы маманға жіберіледі.

4.11 Оқу басылымының (қолжазба немесе электрондық басылым) мазмұнына сараптамалық қорытындыны әзірлеуде сарапшы келесі өлшемшарттарды ескереді:

- Қолжазбаның атауы (электрондық атауы), болжамды таралымы және шығарылатын жылы;
- Автордың (авторлардың) аты-жөні, ғылыми дәрежесі және атағы, жұмыс орны, лауазымы;
- Пәннің атауы (оқу басылымы дайындалып отырған мамандықтың шифры);
- Оқу басылымының құрылымын және мазмұнын, олардың пәннің оқу бағдарламасының талаптарына сәйкестігін бағалау;
- Заманауи ғылыми деңгейге сәйкестігі (берілген бағыт бойынша);
- Тәжірибелік мәселелерді баяндау дәрежесі, олардың өзектілігі;
- Материалдың әдістемелік деңгейі, оның біліктілікке бағдарланған білім беру технологияларына бейімделгендігі;
- оқу басылымының мазмұны мен дайындалу түріне психологиялық-педагогикалық талаптарды қадағалау дәрежесі;
- мақұлдау белгісін берудің мақсатқа сай болуы (сай болмауы);

4.12 Электрондық басылымның бағдарламалық өнім ретіндегі жалпы сапа көрсеткіштері мен функционалдық параметрлері бойынша сараптамалық қорытындылар келесі өлшемшарттарды ескерумен жасалады:

- Барлық қарастырылған компоненттердің, өтулердің, сілтемелердің, т.б. орындалуы;
- Бағдарлама жұмысында ақаудың болмауы;
- Электрондық оқу басылымының құжаттамасында қарастырылған электрондық құралдардың барлық түрлерінде іске асырылуы;
- Пайдаланған кезде барлық қажетті әрекеттерді орындауға мүмкіндік беретін электрондық басылымның толық құжатталуы;
- Оқитын материалдың жүйелі қарастырылуы және құрылымдарға бөлінуі;
- Электрондық басылымның бөлімдері бойынша оңай жылжуы;
- Оқу ақпаратын берудің көрнекілігі;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.01.2021
	ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	12 бет

- Электрондық басылымның интерактивті компоненттерінің пайдаланушылардың әрекеттеріне сәйкес және жылдам серпіні;
- Білім алушының өзіндік жұмысын белсендіру құралдары.

4.14 Сараптамалық қорытындылар ОӘБ 5 жыл бойы сақталады.

4.15 ОӘБ жиналысынан кейін ОӘБ мақұлдау белгісін беру туралы көшірме-шешім рәсімделеді. Мақұлдау белгісін беруден бас тартқан жағдайда берілмеуін дәйектейтін қорытынды-хат әзірленеді.

4.16 Мақұлдау белгісі берілмеген оқу басылымын (оның ішінде, электрондық та) сараптамалық қорытындыда бейнеленген ескертулер бойынша түзетулерді жасап, бұрынғы қарастырудан үш ай уақыт өткеннен кейін қайтадан ОӘБ қарастыруға беруге болады. Қайта сараптама жалпы негізде іске асырылады.

4.17 Мақұлдау белгісі оқу басылымының негізгі бетінің сыртқы жағында орналастырылады. Мақұлдау белгісінің редакциясы авторлар немесе баспа тарапынан өзгертілмейді.

4.18 Мақұлдау белгісін алғаннан кейін Әдебиет 1 жыл ішінде шығарылуы тиіс. Осы уақыт ішінде Әдебиет басып шығарылмаса, мақұлдау белгісін алуға жаңадан рұқсат алу қажет.

4.19 Автор/авторлық ұжым оқу басылымы жарық көргеннен кейін бір ай ішінде оның РОӘК ОӘБ мақұлдау белгісі бар бір данасын ОӘБ тапсыруы қажет.

4.20 ҚР БҒМ мақұлдау белгісін алуға үміттенген оқу басылымдарының авторларына ҚР БҒМ мақұлдау белгісін беруге ұсыныс туралы шешім-хат беріледі.

4.21 ҚР БҒМ мақұлдау белгісін алуға үміттенген оқу басылымдары сараптама өткізу үшін «Оқулық» РҒӨО жіберіледі, оның нәтижесінің негізінде сұратылған мақұлдау белгісінің берілуі немесе берілмеуі туралы шешім қабылданады.

4.22 Оқу басылымдарына (оның ішінде, электрондық та) ОӘБ және ҚР БҒМ мақұлдау белгісін беру бойынша жұмыстарды қаржыландыру автордың, сондай-ақ, басқа да мүдделі заңды және жеке тұлғалардың есебінен іске асырылады.


5 ОҚУ БАСЫЛЫМДАРЫН ДАЙЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Оқу басылымының қолжазбасы А4 пішініндегі ақ қағаз парақтарының бір бетінде беріледі.

Шеттері: жоғарғы, төменгі, оң, сол – 2 см.

Жоларалық интервал – бір (1,0).

Табуляция (абзац үшін бос жер) 1,25 см құрауы тиіс.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.01.2021
	ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	13 бет

Негізгі шрифт 14, Times New Roman – орыс тілінде, Kz Times New Roman – қазақ тілінде. Қосымша шрифт (сілтеме мен кестелер үшін пайдаланылады) – 12.

5.2 Негізгі мәтін – көлденең ауқымына, тақырыптар ортасына қарай дұрысталады. Тақырыптар қалың шрифтпен (қаріппен) беріледі: тараулар мен бөлімдер – бас әріптермен, шағын бөлімдер, параграфтар – жол әріптерімен. Тақырыптың соңына нүкте қойылмайды.

5.3 Нөмірлеуді 3-ші беттен бастау қажет (төмендегі ортасы немесе бүйірінде, жұп және тақ беттерді ескерумен, тақ бетінде – оң жағында, жұп бетінде – сол жағында (айнадағы бейнесіндей)). Беттерді нөмірлеу қолжазба жазылған шрифтпен (қаріппен) қойылады.

5.4 Басылымның негізгі бетінде болуы тиіс:

- Университеттің толық атауы - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесі – және/немесе автордың (авторлардың) аты-жөні;
- Басылымның атауы;
- Оқу әдебиетінің түрін көрсету (оқулық, оқу құралы, әдістемелік ұсыныстар, т.б.);
- Басылу орны және жылы

5.5 Негізгі бет көркем безендірілуі, логотиптер (өздік белгілер), иллюстрациялар (суреттемелер) болуы мүмкін.

5.6 Басылымның екінші бетінде библиографиялық мәліметтер орналастырылады:


- УДК және ББК;
- Авторлардың немесе құрастырушылардың аты-жөні;
- Дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны көрсетілуімен рецензенттер туралы мәліметтер;
- Дайындалған басылым кіммен мақұлдануы және бекітілуі;
- Басылымның шығыстағы деректері;
- ISBN (International Standard Book Number), немесе ISSN (International Standard Serial Number) немесе ISMN (International Standard Music Number);
- Аннотация (түсініктеме);
- Өзірлеуші-ұйым.

5.7 Басылымның шығыстағы деректерінде көрсетілуі тиіс:

Авторлардың немесе құрастырушылардың аты-жөні;

- Басылымның атауы;
- Баспаның атауы көрсетілуімен басылым орны;
- Басылым жылы;
- Беттердің саны.

5.8 Өзірлеген басылымында кірме материал басым болса, авторды

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.01.2021
	ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	14 бет

құрастырушы деп атайды. Басылымдағы материалдың жартысынан аз мөлшері кірме материал болған кезде маманды автор деп атайды.

5.9 Аннотацияда басылымның қандай мәселеге арналғандығы, қандай мәселелерді ашатындығы және кімге пайдалы болуы мүмкін екендігі қысқаша көрсетіледі.

5.10 Мазмұны барлық бөлімдер мен бөліктердің атауларынан және осы бөлімдер мен бөліктердің басталған беттерінің нөмірлерін көрсетуден тұрады.

5.11 Басылымның құрамында ұсынылатын басылымда пайдаланылатын терминдердің глоссарийі (сөздігі) болуы мүмкін.

5.12 Басылымның соңында міндетті түрде қолданылған әдебиет тізімі келтіріледі. Оған Әдебиет, Әдебиет тізімі деп тақырып беруге болады.

5.13 Қолданылған әдебиет оның түрі мен басылым көзіне сай белгілі бір қалыпта рәсімделуі мүмкін. Әдебиетті рәсімдеу мысалдары А қосымшасында келтірілген.

5.14 Қолданылған әдебиет басылым қай тілде жазылғанына қарамастан, оның шығыс деректері көрсетілген тілде (әдебиет басылған) келтіріледі. Егер шығыс деректері екі тілде көрсетілсе, автор келтірілген нұсқалардың кез келгенін пайдалануға құқықты.


5.15 Қосымшаларда қажетті анықтамалық және көмекші материал берілуі мүмкін. Олар басылымның соңында орналастырылады. Егер бірнеше қосымша бар болса, оларды әліпби тәртібі бойынша әріптік белгілермен белгілейді. Қосымшаларға сілтемелердің болуы міндетті. Әрбір сілтемені жеке параққа орналастырады. Жоғарғы оң бұрышта - «Қосымша» сөзі, одан әрі әріптік белгілеуі орналастырылады.

5.16 Егер мәтінде кестелер бар болса, олар бүкіл мәтін немесе бөлім бойынша үзіліссіз нөмірленеді (Б қосымшасы). Кесте деген белгілеу нөмірімен қоса беттің оң жақ шетіне қойылады. Одан кейін беттің ортасында оның атауы жазылады. Мәтінде міндетті түрде кестеге сілтеме болуы тиіс.

5.17 Барлық иллюстрациялар (суреттер, сызбалар, ноталар, фотосуреттер, т.б.) сурет аталады. Суретті оған алғаш сілтеме берілетін мәтіннен кейін орналастыру қажет. Әрбір суреттің тұсында реттік нөмірі мен атауы көрсетіледі (В қосымшасы). Нөмірлеу бүкіл мәтін немесе бөлім бойынша үзіліссіз болуы мүмкін.

6 ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 Оқулық немесе оқу құралы бүкіл оқу курсының мазмұнын бейнелеуі тиіс. Оқулықтың басында келтірілетін мазмұны – оқу бағдарламасының бөлімдеріне; тәжірибелік сабақтарға нұсқаулықтың мазмұны пәннің оқу

 КАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.01.2021
	ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	15 бет

бағдарламасының тәжірибелік сабақтарының тақырыптық жоспарына сәйкес рәсімделеді. Оқулықта немесе оқу құралында студенттің өзіндік жұмысына арналған тапсырмалар берілуі тиіс: ынталандыру аспектілері, тәжірибе материалдары, талдау үшін материалдар, т.б.

6.2 Қолжазбаның жалпы көлемі оқулықтар үшін – 6 баспа парағынан және оқу құралдары үшін 4 баспа парағынан кем болмауы тиіс. Оқулық, әдетте, сынақтан өткізілген оқу құралының негізінде жасалады.

6.3 Оқулықтың басында келтірілетін мазмұны – кітаптың құрылымы мен оның өзекті мәселесі туралы жалпы түсінік беретін, оқулықтың анықтамалық-ілеспе аппаратының маңызды элементі. Кітаптың маңызды бөліктерінің тақырыптар жүйесінен тұрады және олар орналастырылған беттер көрсетіледі. Әдетте, кітаптың басында негізгі беттен кейін орналастырылады.

6.4 Мазмұны кітапта бірыңғай жоспар бойынша жазылған және тарауларға немесе басқа соған ұқсас бөліктерге бөлінген бір тақырып үшін, сондай-ақ, жинақтарда, журналдарда, әдістемелік нұсқаулықтарда жалпы пайдаланылады.

6.5 Тақырыптар қысқа, жинақы болуы тиіс, ал олардың көрсетілу түрі ақпаратты тез жинақтауға ықпал етуі тиіс.

6.6 Оқулық үшін болашақ маманға ғылым тілін игеруге көмектесетін, сөйлеудің жоғары мәдениетін тәрбиелеуге ықпал ететін материалды баяндау тән. Оқулық терминологияны пайдалануға үйретеді, оқитын пәннің негізгі мәселелердің мәнін түсіндіре білуді қалыптастырады және бекітеді.

6.7 Бақылау сұрақтары мен тапсырмаларын қандай да бір бағдарламалық материал қарастырылатын оқулықтың немесе оқу құралдарының мәтінінің негізгі құрылымдық элементтерінің соңында беру мақсатқа сай болады. Олардың саны әрбір шағын бөлім үшін кемінде, 5 болғаны жөн.


Бақылау сұрақтары мен тапсырмаларының болуы білім алушыға материалды игеруін тексеруіне көмектесумен қатар оның ішіндегі ең маңыздысын бөліп қарастыруға да көмектеседі.

6.8 Суреттемелер (иллюстрациялар) мәтінді алмастыруы, толықтыруы, мәнін ашуы немесе түсіндіруі тиіс. Олар жақсы сапалы, айқын болуы және нақты көрінуі тиіс.

6.9 Қорытынды – оқу материалын баяндауды жинақтау нәтижесі. Сонымен қатар, онда қандай да бір білім саласындағы, қолданыстағы ғылыми мектептердің шешілмеген мәселелері, болжамдар, осы ғылым бағытын одан әрі дамытудың негізгі бағыттары туралы ақпарат орналастырылады.

6.10 Ұсынылатын әдебиет оқу басылымының соңында көрсетіледі. 5 – негізгі және 10 қосымша әдебиет көздерін (мүмкіндігінше, соңғы 10 жылдағы) көрсету қажет.

6.11 Қосымшалар – кітаптың анықтамалық-ілеспе аппараты, олар кітаптың соңында орналастырылады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.01.2021
	ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	16 бет

7 ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1 Әдістемелік ұсыныстар – оқу-әдістемелік басылымның бір түрі, онда сипаттамалық материал болмайды, оқу процесін ұйымдастыру, қандай да бір мәселені шешу бойынша нақты кеңестер беріледі. Бұл - аса тиімді оқыту әдістері мен нысандарын тәжірибеге енгізуге ықпал ететін қысқа және нақты тұжырымдалған ұсыныстар мен нұсқаулар кешенінен тұратын басылым.

7.2 Әдістемелік ұсыныстар оқытушылардың білім беру және ғылыми қызметінің алуан түрлі жақтары бойынша құрастырылуы мүмкін:

- Пәнді (курсты) оқу бойынша әдістемелік ұсыныстар;
- Оқу пәнінің жеке бөлімдерін (тақырыптарын) оқу бойынша әдістемелік ұсыныстар;
- Семинар (тәжірибелік) сабақтарына дайындыққа арналған әдістемелік ұсыныстар;
- Бақылау жұмыстарын орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар;
- Курстық жұмыстарды, білікті бітіру жұмыстарын орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар;
- Тәжірибені (практиканы) өткізу бойынша әдістемелік ұсыныстар;
- Білім алушылардың қандай да бір нақты қызметін, т.б. ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар.

7.3 Әдістемелік ұсыныстар оқытушылармен қатар білім алушылар үшін де әзірленуі мүмкін.


7.4 Әдістемелік ұсыныстар қандай да бір пәнді, тақырыпты оқытудың, сабақты, іс-шараны, тәжірибені өткізудің тәртібін, қисынын және мәнді тұстарын ашады. Әдістемелік ұсыныстарда іске асырылатын әрекеттердің бірізділігімен қатар оң тәжірибе негізінде әзірленген бір немесе бірнеше дербес әдістемелерді ашуға назар аударылады.

7.5 Әдістемелік ұсыныстардың міндетті түрде кімге арналғандығы көрсетілуі тиіс.

8 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

6.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.01.2021
	ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	17 бет

А қосымшасы

Жарияланымдарды, пайдаланылған әдебиетті көрсету мысалдары

1 Жеке басылым, кітап

Балықбаева Р.Ғ. Кесте өнері. - Алматы: Өнер, 2016. – 78 б.

2 Кітаптағы мақала

Өрікбаева Ғ.Р. Театрдағы музыка // Қазақстанның музыка өнері. – Нұр-Сұлтан: Мастер По, 2019. – Б. 54-61.

3 Бірлескен авторлықта жазылған оқулық

Әкішев М.Н., Бұлтбаева А.Қ. Айтыс өнері: Оқулық. - Астана: Фолиант, 2015. – 212 б.

4 Жеке жазылған оқулық құралдары

Қажитаев К.Ә. Сүрет: Оқу куралы. – Ақтөбе: Гранит, 2013. – 132 б.

5 Ғылыми журналдағы мақала

Бораев Ж.К., Сланбеков І.Р. Қаланың заманауи сәулеті // Хабаршы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ РББ, 2017. - №4(119). – Т.2. – Б.127-130.

6 Конференция материалдарындағы мақала

Басенбеков Ә.Ғ. Түркі халықтарының ауыз әдебиеті // Шығыс халықтарының көне салт-дәстүрлері: IX Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары – Нұр-Сұлтан: Қазақ ұлттық өнер университеті, 2020. – Б.2. – Б.118-120.

7 Әдістемелік ұсыныстар

Балабаева М.З. 5В041700 – Сәндік өнер мамандығы студенттерінің кәсіби тәжірибесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар. – Астана: ҚазҰӨУ, 2016. – 36 с.


Немесе (атауына байланысты)

Балабаева М.З. 5В041700 – Сәндік өнер мамандығы студенттерінің кәсіби тәжірибесін ұйымдастыру: Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: ҚазҰӨУ, 2016. – 36 б.

8 Ноталар жинағы

Садықова П.Д. Қазақстан жас композиторларының туындылары: Ноталар жинағы. – Алматы: Жас ұлан, 2012. – 57 б.

9 Хрестоматия

 ҚАЗАҚҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.01.2021
	ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	18 бет

б. Асылбеков И.Н. Дала әндері: Хрестоматия. – Алматы: ҚазҰПУ, 2019. – 81

10 Газеттегі мақала


Әділханов А.Ә. Халық қазынасы // Айқын. - 18.03.2012. - №78.

11 Электрондық газеттегі мақала

Қайнарұлы М. Серікжанның серті [Электрондық ресурс]: Егемен Қазақстан, 16.07.2020. – Қол жетімді: <https://egemen.kz/article/281815-serikdgannynh-serti> (қараған күн: 20.09.2020).

12 Электрондық ресурс

«Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысы. [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. - Қол жетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000058> (қараған күн: 18.02.2019).

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 29.01.2021
	ОҚУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТІ БАСЫП ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	19 бет

Б қосымшасы

Кестелерді көрсету тәртібі

2.1 кесте

Бейінді пәндер тізбесі

Мамандықтың коды	Мамандықтың атауы	Бейінді пән 1	Бейінді пән 2
В039	Мәдениеттану	Дүние жүзі тарихы	Шет тілі
В041	Психология	Биология	География

2.2 кесте

Шығармашылық емтихандарды өткізу нысандары

БББ тобының нөмірі	БББ тобының атауы	I шығармашылық емтихан	II шығармашылық емтихан
В006	Музыка мұғалімдерін дайындау	Орындаушылық шеберлігі	Жалпы музыкалық қабілеттерін көрсету (жазбаша және ауызша)
В021	Орындаушылық шеберлігі	Жеке бағдарламасын орындау	Музыка теориясы мен сольфеджио бойынша жазбаша және ауызша емтихан

В қосымшасы

Суреттерді көрсету мысалдары



1 сурет. XXIII халықаралық «Шабьт» шығармашыл жастар конкурсының марапаттау салтанатының афишасы



2 сурет. II халықаралық «New Music Generation 2020» композиторлар конкурсының афишасы



3 сурет. XVI халықаралық «Astana – Merey» орындаушылар конкурсының афишасы